



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

НҰСҚАУЛЫҚ



БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ

Басқарма Төрағасы-Ректор


С.Н.Идрисов

«21» 01 2021ж.


**«БИОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН
СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША
НҰСҚАУЛЫҚ**

СМЖ № 138

Атырау 2021 ж.


 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Биология» мамандығының оқытушылары мен студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	2 - бет, 10 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы	Г.С.Жайлаубаева		20.01.21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		20.01.21
	«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті филиалының төрағасы	А.Қ.Ахмет		20.01.21
	Пайдалану және техникалық қызмет көрсету басқармасының жетекшісі	Т.Т.Аманов		20.01.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Биология» мамандығының оқытушылары мен студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	3 - бет, 10 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Қауіпсіздіктің жалпы талаптары	4
5	Таныстыру парағы	10
6	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	11

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Биология» мамандығының оқытушылары мен студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	4 - бет, 10 беттен тұрады

Жалпы ережелер

- 1.1 Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы нұсқаулықтың мақсаты – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қызметкерлері үшін қауіпсіз жағдай жасау болып табылады.
- 1.2 Университет нысандарында техника қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік
 - құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.3 Оқу үдерісі кезінде университеттегі техника қауіпсіздігі талаптарының сақталауын қадағалау:
 - құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.4 Осы нұсқаулықтың талаптарының орындалуы университетте үнемі немесе уақытша жұмыс жасайтын барлық қызметкерлер, студенттер үшін, университет аумағында өз қызметтерін жүзеге асыратын немесе басқа да себептермен барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.
- 1.5 Профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, студенттер осы Нұсқаулықпен таныстырылуы тиісті.

2 Қысқартулар

Осы Нұсқаулықта төмендегідей қысқартулар қолданылады:


- АУ- Атырау университеті
- СМК– сапа мониторингі кеңсесі
- АМЖП – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
- ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
- ҚББ – құрылымдық бөлім басшысы
- ТҚ – техника қауіпсіздігі
- ЕҚ – еңбек қауіпсіздігі
- ТЖ – төтенше жағдай
- ОТҚ – оқытудың техникалық құралдары

3. Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 ж. 30 қарашада №927 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын дайындау, бекіту және қайта қарау Ережелері».
- 3.4 АУ Жарғысы.
- 3.5 Университеттің ішкі еңбек тәртібі Ережесі.
- 3.6 ИСО 9001:2015 халықаралық стандарты.

4 Қауіпсіздіктің жалпы талаптары:


- Техника қауіпсіздігі бойынша осы нұсқаулықтың талаптары университеттің биология кабинетінде сабақтар өткізетін білім беру мекемесінің барлық қызметкерлерімен міндетті түрде орындалуы тиіс (негізгі сабақтың оқытушылары, қосымша білімнің педагогтері және т.б.). Биология кабинетінде өздігінен жұмыс жасауға рұқсат беріледі:

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Биология» мамандығының оқытушылары мен студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	5 - бет, 10 беттен тұрады

- 18 жасқа толған, кезекті медициналық тексеруден өткен, биология кабинетінде жұмыс жасауға медициналық жағынан кері көрсеткіштері жоқ тұлғаларға.
- Жоғары немесе орта білімді, немесе оқу орнында тиісінше жұмыс тәжірибесі болуы керек;
- Электр қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан өткен, 2-біліктілік тобына рұқсат болуы тиіс;
- Есептеу және оргтехника (принтерлер, сканерлер, қуат көздері және т.б.) құралдары бойынша нұсқаулықтан өткен.
- Университеттің биология кабинетінде жұмыс жасайтын оқытушы, осы биология кабинетіндегі техника қауіпсіздігі туралы нұсқаулықтан өтуі тиіс;
- Биология кабинетінде жұмыс жасайтын оқытушы білім беру мекемесінің Жарғысын, ішкі Еңбек тәртібін, биология пәнінің оқытушысы үшін еңбек қауіпсіздігінің ережелері мен талаптарын, білім беру мекемесінің жұмыс режимін қатаң сақтауы керек. Биология кабинетінің жұмыс режимі сабақ кестесімен анықталады.

Биология кабинетінде жұмыс жасау кезіндегі қауіпті факторлер болып:

- Физикалық (төменгі жиіліктегі электр және магнитті аяндар; статикалық электр қуаты; лазерлік және ультракүлгін сәулелер; орынжайдағы ауаның жоғары температурасы; ауаның иондануы; электр желісіндегі жоғары кернеу; оқитудың техникалық құралдары (ОТК); орынжайды желдету желісі; әртүрлі зертхана құралдары);
- Химиялық (шаң-тозаң; тәжірибелер көрсету кезінде, әртүрлі зертханалық және тәжірибе жұмыстарында пайдаланылатын зиянды және химиялық заттар; ылғалды препараттар);
- Биологиялық (ылғалды препараттарда және әртүрлі биологиялық дақылдарда болатын патогенді және шартты-патогенді микроорганизмдер);
- Психофизиологиялық (аса көп көңіл бөлу, жоғары деңгейдегі интеллектуалдық және эмоционалдық жүктемелер)
- Биология кабинетінде жұмыс жасайтын қызметкер, кабинеттегі анықталған ақаулықтар туралы техника қауіпсіздігі инженеріне және Шаруашылық қызметі директорына уақытылы хабарлау керек, ал олар орнында болмаған болса, - кезекшіні және оқу орнының әкімшілігіне хабарласу керек. Ондай ақаулықтарға: электр желісіндегі, зертхана құралдарындағы, оқудың техникалық құралдарындағы, есептеу және оргтехникадағы, сантехникалық құралдардағы, жихаздағы және терезелердегі ақаулықтар жатады. Қызметкерге міндетті түрде тапсырыс журналында бұл туралы жазба қалдыру керек. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қатаң белгіленген және алуға жеңіл орында өрт сөндіргіш болуы тиіс.
- Алғашқы дәрігерлік медициналық көмек көрсету үшін, қатаң белгіленген және алуға жеңіл орында жарамдылық мерзімі асып кетпеген медициналық қорап болуы тиіс;
- Биология кабинетінде, міндетті түрде, көрінетін жерде студенттер үшін бекітілген еңбек қауіпсіздігі нұсқаулығын іліп қою керек.
- Оқу кабинетінде қандай да болмасын ашық спиральді қолдан жасалған және жылыту құралдарын пайдалануға рұқсат етілмейді.
- Оқу кабинетінде қандай болмасын ерітінділер мен реактивтерді тиісті жапсырмаларсыз ыдыстарда сақтауда болмайды.
- Шкафтардың үстінде қандай да болмасын құралдарды сақтауға болмайды.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Биология» мамандығының оқытушылары мен студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	6 - бет, 10 беттен тұрады


- Көрсетілетін тәжірибелер үшін пайдаланылатын қатты реактивтерді қалақтардың, қасықтардың, шпателдердің және пробиркалардың көмегімен алу керек.
- Биология кабинетінде ылғал препараттарды сақтауға болмайды (олар зертхана бөлмесінде сақталуы керек).
- Әрбір оқу жылы басталар алдында барлық студенттермен техника қауіпсіздігі бойынша, сәйкесті журналға жазба жасай отырып, нұсқаулық өткізу керек (оған жоспар бойынша бөлек сабақ бөлу керек).
- Әрбір зертханалық және тәжірибелік жұмыстар жасау алдында барлық студенттермен техника қауіпсіздігі бойынша, сәйкесті журналға жазба жасай отырып, нұсқаулық өткізу керек. Биология кабинетінде жұмыс жасайтын қызметкерлердің біреуі жаракат алған жағдайда, кезекшіні және медицина қызметкерін хабардар ету керек.
- Қажет болған жағдайда, биология кабинетінде жұмыс жасайтын қызметкер жаракат алған адамға алғашқы медициналық көмек көрсету міндетті.
- Студенттердің кейбіреуі техника қауіпсіздігін сақтамаған жағдайда, міндетті түрде арнайы журналға тіркеп, барлық студенттермен техника қауіпсіздігі бойынша кезектен тыс нұсқаулық өткізілуі тиіс.
- Биология кабинетіндегі терезелерде тор болмауы тиіс, немесе кілттері қатаң түрде анықталған, жеңіл табылатын орында сақталатын екі жаққа ашылатын тор болуы тиіс.
- Биология кабинетінде жұмыс жасайтын қызметкер осы еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықты бұзатын болса, ҚР әрекет ететін заңдарына сәйкес, дербес жауапкершілік жүктелетін болады.

4.1 **Сабақ басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары**

- Электр сымдарының, зертханалық және санитарлық құралдардың, желдету жүйесінің, жихаздың, ТОҚ-ның ақаусыздығын; терезе әйнектерінің бүтіндігін және ылғалды препараттарды тексеру керек.
- Студенттердің және өз жұмыс орнының дұрыс жабдықталуын (стол және орындықтың қойылуы) тексеру керек және қажет болған жағдайда, дұрыс емес қалыптарды және дене бұлшық еттерінің ұзақ уақыт кернеуін болдырмау үшін, өзгерістер жасау керек.
- Приборлар мен құралдардың жұмысында ақаулар болған кезде, биология кабинетінде жұмыс жасайтын қызметкер уақытысында шаруашылық қызметі департаментіне және ғимараттың комендантына хабарлап, тапсырыстар журналына тиісті жазба қалдыру керек.
- Студенттерді, олардың жұмыс орнында қандай да болмасын осы бөлімде бекітілген талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда, сонымен бірге, осы бөлімде көрсетілген дайындық жұмыстары іске асырылмаған жағдайда, жұмыстарды орындаудан босату керек.

4.2 **Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

- Биология кабинетінде жұмыстар жасау кезінде осы биология кабинеті үшін еңбек қауіпсіздігі нұсқаулығының талаптарын орындау керек, құралдарды пайдалану, оргтехниканы, ОТҚ және ылғалды препараттармен жұмыс жасау құралдары мен шарттарын сақтау керек.
Биология кабинетінде жұмыс жасайтын қызметкер:
- Өз жұмыс орнында және барлық студенттердің жұмыс орнында тиісті тәртіп пен тазалықты қамтамасыз етуге;
- Студенттер кез келген зертханалық құралдарды пайдалана отырып зертханалық және тәжірибе жұмыстарын жасайтын болса, міндетті түрде,

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Биология» мамандығының оқытушылары мен студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	7 - бет, 10 беттен тұрады

сәйкесті журналға жазба жасау арқылы, алдын ала, техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықты өткізу керек;


- Студенттер, биология кабинетінде сабақтар өткізу кезінде, зертханалық және тәжірибе жұмыстарын жасағанда, техника қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауы керек;
 - Барлық студенттер зертханалық стендтерді құрастыру және бөлшектеу талаптарын қатаң сақтауы керек;
 - Студенттердің жұмыс орнында талаптардың орындалуын қадағалау керек;
 - Жұмыс уақытының бекітілген режимін қатаң сақтау, жұмыс арасында қарастырылған үзілістер, студенттердің жас ерекшеліктеріне байланысты ұсынылған физикалық жаттығуларды орындауға міндетті;
- Биология кабинетінде жұмыстар жасағанда қатаң тиым салынады:
- қосылып тұрған электр жүйесіне қосқыштарды қосуға;
 - құралдарды қағазбен және басқа заттармен жабуға болмайды;
 - жұмыс орнында көп көлемдегі қағаздың жиналып қалуына;
 - сұйықтықтардың құралдар мен құрылғылардың бетіне тиіп кетуіне;
 - жұмыс жасап тұрған қосылып және жұмыс жасап тұрған құрылғыларды, құралдарды, есептеу және оргтехниканы, ОТҚ-ын қараусыз қалдыруға;
 - су крандарын, зиянды және қауіпті заттар құйылған ыдыстарды;
 - кабинетте студенттерді бақылаусыз қалдыруға болмайды.

Биология кабинетінде студенттер үшін көрсетілетін тәжірибелер кезінде, оқытушы білім беру мекемелерінде биология сабақтарында өткізілетін тәжірибелерді өткізу бойынша еңбек қауіпсіздігі нұсқаулығын пайдаланады. Ауа ионизаторларын тек жұмыс арасындағы үзілістер және оқу орынжайында адамдар жоқ кезде ғана пайдалану керек.

Терезелерді ашқан кезінде терезе әйнектерін сындыруға әкеліп соқтыратын қарсы желдердің болмауын қадағалау керек.

4.3 Оқыс оқиғалар және экстремалды жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары

- биология кабинетінде мынандай апаттық жағдайлар - электр сымның қысқа тұйықталуы, су құбырының жарылуы, түтін шығуы, басқа да иістердің пайда болуы және т.б. туындаған кезде, биология кабинетінде жұмыс жасайтын қызметкер міндетті:
- мүмкін болса, электр жүйесінен ақаулығы бар құралды суырып тастауға;
- кабинеттен эвакуация сызбасын басшылыққа ала отырып және барынша тәртіпті сақтай отырып, барлық студенттерді эвакуациялау керек;
- осы жағдайды тез арада шаруашылық қызметі басқармасына және ғимарат комендантына хабарлау керек;
- Электр сымдарының үзілгені анықталғанда немесе олардың окшаулануы бұзылған болса, жерге қосудың ақаулықтары және электр құралдарының басқа да ақаулықтары анықталған болса, күйік иісі пайда болса, құралдар жұмысында оның ақаулығын көрсететін басқа дыбыстар және тестілік белгілер пайда болған кезде, тез арада барлық студенттердің жұмысты тоқтатуын қамтамасыз ету, содан соң электр қуатын айыру керек.
- Студенттер электр тоғынан зақым алған болса, шұғыл түрде, оларды электр тоғы әсерінен босату үшін электрмен қамтамасыз ету жүйесінен ажырату керек, оқу орнының медициналық қызметкеріне жүгіну керек, қажет болған жағдайда, алғашқы медициналық дәрігер алды көмек көрсету керек.
- Студенттер арасында жаракат алғандар болса, биология кабинетінде жұмыс жасайтын қызметкер, тез арада, міндетті түрде медициналық бөлімшеге

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Биология» мамандығының оқытушылары мен студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	8 - бет, 10 беттен тұрады

баруға міндетті, ал қажет болған жағдайда, жаракат алушыларға алғашқы медициналық дәрігер алды көмек көрсетуі керек.

- Құрылғылардың жануы байқалған болса, электр қуатын шұғыл айыру керек, осы жағдай туралы өрт сөндіру қызметіне және өзінің тікелей басшысына хабарлау керек, кейін қолда бар өрт сөндіру құралдарын пайдаланып, өрт сөндіруге кірісу керек.

4.4 **Сабақ аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары**

Биология кабинетінде жұмыс істейтін қызметкер жұмыс аяқталғаннан кейін, міндетті:

- Электр қуатын, құрылғыларды және ОТҚ-ын пайдалану нұсқаулығымен бекітілген ретпен және жасалатын жұмыстардың сипатына байланысты сөндіру керек;
- Пайдаланылатын препараттарды, оларды сақтау үшін арнайы бекітілген орындарға қою керек (ылғал препараттарды- зертхана бөлмесінде сақтау керек);
- Жұмыс орнының тиісті тәртіпке келтірілуін қадағалау керек.
- Кабинет студенттердің ұйымдасқан түрде шығуын қадағалау керек;
- Қолды әбден сабындап жуу керек;
- Жарық жүйесін сөндіру, сумен жабдықтау крандарын және барлық терезелерді жабу керек;
- Анықталған барлық жихаздың, құрылғылардың, терезе әйнектерінің бүтіндігінің бұзылуы сияқты ақаулықтар анықталған жағдайда, шаруашылық қызметіне хабарлау және тапсырыс беру журналына міндетті түрде жазба қалдыру керек.

Профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылар ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді, өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауға жауапты.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма Төрағасы-Ректордың рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолымен құжат түрінде бекітіледі.

Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына түзетулер мен толықтырулар енгізуге шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер жауапкершілікте болады.

Нұсқаулық ҚББ қажет болған жағдайда қайта қарастырылады.

Ұйымның атауы өзгерулері кезінде немесе құрылымдық бөлімше атауы өзгерген кезде Нұсқаулық ауыстырылуы тиіс.

Ауыстыру кезінде күші жойылған Нұсқаулықтың университетте бар барлық даналары алынып тасталады және жаңасымен ауыстырылуы керек.

Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарға және ИСО 9001:2015 ХС сәйкес келістіруді СМК жүзеге асырады.

Нұсқаулықты шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер дайындайды.

Нұсқаулық Басқарма Төрағасы-ектормен бекітіледі және оның өзгертілуіне дейін әрекет етеді.

Нұсқаулықтың есептік жұмысшы даналарының бөлімшелерде сақталуына жауапкершілік ҚББ тиесілі.

